

аптасына келесі оқыту сағаттары болінеді.

13. Оқушыларды тиесті сыныпқа откізу олардың оқитын мектебінен арналған анықтама негізінде жүзеге асырылады.

3. Емдеу ұйымдарында мектеп іс қагаздарын жүргізу

14. Оқушылармен жүргізілген сабактарды есепке алу үшін, оқу ісін жүргізетін оқытушылар, түсken оқушылардың тегі, аты және әкесінің аты, туган жылы, мектеп пен сынып номері, ауруханага түсken мерзімі, сабактардың басталуы және аяқталуы, откізген сағаттар саны туралы анықтамалар жазатын сынып журналы жүргізіледі.

Оқу материалдарының өтуі және оқушылардың білімін есепке алууды жазуды сынып журналын жүргізу талаптарына сәйкес оқытушы рәсімдейді.

15. Оқушылар өздерінде бар оқулықтармен дайындалады.

16. Ауруханаларда оқитын оқушылар құрамы олар әрдайым оқитын мектептердің статистикалық есебіне кіреді.

17. Ауруханадан шыққан кезде оқушыларға оқыганы туралы әр пәннен ағымдағы және тоқсандық бағаларымен, ауруханада оқытуды ұйымдастыру жүктелген жалпы білім беретін мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасарының қолы қойылған, мөрі басылған анықтама беріледі.

Стационарлық емдеу-алдын алу, оңалту және басқа деңсаулық сактау ұйымдарында емдеу курсынан өтіп жатқан мүгедек балалар үшін оқу сабактарын ұйымдастыру тәртібі туралы Ережеге қосымша